

Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана». - 2020. - Т.І, Ч.2 - С.308-311

## **ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ КӨШІ-ҚОН ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

*Амерханова И.Қ., докторанты*  
*Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университетінің, Семей қ.*

Қазақ жерінде ежелден қалыптасқан көші-қон процестері, мал шаруашылығының дамуына байланысты маусымдық көші-қонмен қатар, экономикалық және әлеуметтік, сондай-ақ табиғи-климаттық, демографиялық және мәдени-тарихи факторлардың әсерінен қалыптасты.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, XV-XVIII ғасырдағы қазақ халқының басына түскен қиын кезеңдерде атап айтатын болсақ, жоңғар шапқыншылығы кезіндегі «ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама», мәжбүрліктен қоныс аударған қазақ жеріндегі халық үшін көші-қон ағымы кең етек алғаны белгілі.

Орта ғасырлардағы Қазақстан аймағында қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуының қазақ халқының құрылуы мен топтасуында маңызды рөл атқарды. Аралас экономикалы, көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы-егіншілік, қала шаруашылығы қалыптасқан өлкелердің табиғи интеграциясы негізінде тұтас экономикалық ауданның құрылуы қазақ рулары мен тайпаларының этникалық жағынан бірігуіне себепші болғанын тарихтан жақсы білеміз.

XX ғасырдың бас кезінде Ресей азиялық Шығысты отарлауды жедел қарқынмен жүргізе бастады. 1907-1912 жылдардың өзінде ғана елдің еуропалық бөлігінен 2 млн.400 мың адам әкеліп қоныстандырылғаннан көші-қон үдерісінің ықпалының күшейгенін көруге болады. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс пен Ресейдегі ақпан буржуазиялық-демократиялық төңкерістер, 1917 жылғы Қазан төңкерісі, Қазақстанда шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғыс жылдарында қаншама қазақтар қырылып, аштықтан жат жерлерге ауып кетті. Жаңа экономикалық саясаттан кейін «ауылды кеңестендіру» ұранымен Қазақстанда «жаңа революция» жүргізілді. 1926 жылы Т. Шонанұлының Қазақ жер мәселесі тарихы деген еңбегінде аграрлық көші-қон патша өкіметінің отаршылдық саясатымен тығыз байланыста қарастырылып, қазақ жеріне қоныс аударылған келімсектерге көңіл аударған. Қоныс аудару саясатының нәтижесінде, Т. Шонанұлының пікірінше, Қазақ жерлері отар аймаққа айналдырылып, қазақтар жерсіз қанғырып өз атамекендерінен көше бастаған, қазақтардың өзі де көші-қон процестерінің ағымына шарасыздықтан енгендігіне алғашқылардың бірі болып көңіл бөлді, қазақтар арасында сыртқа көшу және ішкі көші-қон процестерінің үдейе түсуін отаршылдық саясатпен байланыстыра отырып: Қазақты мекенінен қуып, көшіп келушілерге айналдыру – отаршылдар жұмысының бірінші жемісі. Қазақтың отырған жерінен жұрдай қылып талап, қазақты атамекенінен айдап, қолайсыз жерге ығыстыру – отаршылдар жұмысының екінші жемісі - деп көрсетілген. [1]

1928 жылы қолданысқа ие болған «Аса ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды кәмпескелеу және жер аудару туралы» құжат негізінде жарты мыңнан астам бай феодалдар жер аударылды. 1931-1933 жылдары Қазақтарға қарсы геноцид саясатының салдарынан Республикамыздың 6,2 млн. тұрғынының 2,1 млн. аштықтан қырылғанын, оның ішінде келімсек халықтың шығыны 0,4 млн. адам екендігі тарих беттерінде жазылған. Осы кезеңде миллионнан астам қазақтар ата-жұртынан ауып кетті. Олардың көбі сол кездегі Орта Волгада, Қырғызстанда, Батыс Сібірде, Қарақалпақстанда, Орта Азияға, Тәжікстан мен Батыс Қытайға көшіп кеткен. Шалғай жатқан шет жерлерге кеткендер сол жерлерде қазақ диаспорасын құрған. 1938 жылы Қиыр шығыстан корей ұлты көшіріліп, Қызылорда мен Алматы облыстарында қоныс аударушы корейлерден тұратын колхоздар құрылды. 1937-1938 жылдардағы кеңес өкіметін орнату мен нығайтуға қатысқандардың көбі сталиндік жендеттердің қолынан қаза тапты. Қазақ зиялылығының жазаға тартылып, Қазақстан ғылымы елеулі шығынға ұшырады. 1954-1955 жылдары Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игеруге әр-түрлі ұлт өкілдерінен құралған 2 млн. астам адам Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Торғай, Павлодар облыстарына көшіріліп әкелінді. [2, 570-б.]

Әрине бұл жылдары Қазақстан көп ұлтты республикаға айналды, басқада экономикалық салалар дами бастады, совхоздар мен елді мекендер көбейіп, халық азық түлікпен қамтамасыз етіле бастады. А.И.Құдайбергенова Қазақстандағы көші-қон тарихын алты кезіңге бөліп қарастырады:

- 1) 1917-1926 жж. – саябырсу кезеңі,
- 2) 1926-1939 жж. – қайта өрлеу кезеңі,
- 3) 1939-1945 жж. – мәжбүрлі кезеңі,
- 4) 1946-1959 жж. – өрістеу кезеңі,
- 5) 1959-1970 жж. - бәсеңдеу кезеңі мен
- 6) 1970-1991 жж. – кері бұрылу кезеңі. [3]

Осындай қиын қыстау заманды басынан өткізген қазақ халқы жаппай көші-қон мен мәжбүрлі көші-қонның арқасында қазіргі таңда 130 астам ұлт өкілдерінің басын біріктіріп, «интернационалдық» мекен атануда.

Қазіргі таңда бір елді мекеннен екінші бір елді мекенге көшу оңайрақ. Бірақ жаңадан келген мекенге сіңіп кету қиынға соғуы мүмкін. Қазақ ұлтының 1/3 бөлігін құрайтын қазақ диаспорасы тәуелсіз мемлекеттің маңызды әлеуметтік ресурсы болып табылады. Көші-қонның көптеген түрлері бар:

- Сыртқы көші-қон (мемлекет аралық);
- Ішкі көші-қон (мемлекет ішілік);
- Маусымдық (жыл мезгіліне байланысты көшіп қону);
- Урбанизациялық (ауылды жерден қалалы жерлерге орналасу);
- Рурализация (қаладан ауылдық жерге орналасу);
- Эпизодтық (жұмыс бабымен үнемі ауысып отыру немесе туристік сапарларға жиі шығу);
- Көшпенділік (мал шаруашылығының жайылымдық өзгерісіне байланысты тұрақты немесе уақытша қозғалысы);
- Қажылық (киелі жерлерге діни сеніммен бару);
- Уақытша (белгілі бір мекенге ұзағырақ тұрақтануы);

- Маятникті көші-қон (жұмыс бабымен немесе оқу үшін бір жерден екінші жерге үнемі жасалатын сапарлар);
- Транзитті (аралық қозғалыс);
  - Шекаралық (субъектінің бір мемлекетте тұрып, екінші бір мемлекетте жұмыс атқаруы);
- Қайтарымсыз (тұрғылықты мекен жайынан толығымен көшіп кету);
  - Мәжбүрлі көші-қон (қандайда бір көрсетілген қысымның салдарынан көшіп кеткен халық);
- Заңды (шекарадан өтіп, заңды түрде сол елде мекендеу);
- Заңсыз (шекарадан заңсыз өтіп, тіркелмей визалық тәртіпті бұзу);
  - Вахталық (жұмыс күндері мен демалыс күндері апта айға байланысты қызмет атқару). [4]

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бастап ішкі және сыртқы көші-қонға бірнеше миллиондаған адамдар қатысты. Олар оралмандар, мәжбүрлі көшіп-қонушылар, босқындар, этникалық мигранттар, экологиялық мигранттар атты субъектілер құқықтық қатынастарға түсе бастады. ҚР статистика агенттігінің деректері бойынша, 2019 жылы қаңтар айының халық санына байланысты көрсеткіші 18,6 млн. адамды құрайды, (Бұл 2009 жылмен салыстырғанда 14,5 % өскен) Әрине бұл көрсеткіште сыртқы көші-қонның елеулі әсері болғанынан деп білеміз, яғни тәуелсіздік жылдарында республика аумағына 1,0 млн. астам этникалық қазақтар қоныс аударған. [5]

Қазақстанда мемлекеттік органдар арқылы көші-қон үрдісін реттеуге бағытталған әртүрлі бағдарламалар мен нормативтік-актілер жүзеге асырылып жатыр (Көшіп келу квотасын белгілеу туралы Елбасының жыл сайынғы Жарлықтары, мемлекеттік көші-қон саясаты туралы Концепция, «Нұрлы Көш» Бағдарламасы).

Алайда, бұл Бағдарламалар тиімді жүзеге асырылмады, сондай-ақ, бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері, атқарылған іс-шаралар мақсатты топтың мүддесінен шықпады. 2011 жылы қабылданған «Нұрлы Көш» Бағдарламасы көші-қон үрдісін, елдің демографиялық жағдайын мемлекеттік реттеуге бағытталып, қабылдаушы тараптардың мүмкіншіліктері мен этникалық мигранттардың мүддесін сәйкестіруге арналғанмен бір жылдан кейін тоқтатылды.

Этникалық мигранттардың 90%-ы бастапқы кезеңде ауылдық жерлерге орналасады, бірақ белгілі бір себептермен (тіршілік қамымен, жұмыс іздеу, білім алу және т.б) олар бір орыннан екінші орынға үнемі ауысып, көшіп отыруға мәжбүрлі. [6]

2018 жылы Қазақстаннан шет елге 40 мыңға жуық адам кеткен. Олардың себебі, қаржылық, әлеуметтік, тұрғын үй, өмір сүру деңгейін жақсарту, білім алу болып отыр.

Өкінішке орай әлемде көші-қон саны артуда. Адамдар өздерінің кіндік қаны тамған жерде қалғысы келмейді, басқа елге кетсек жақсы өмір сүреміз деп ойлайды. Халықты дамыған елдер мен қалалар қызықтырады. Мемлекет неғұрлым дамыған болса халқының өмір сүру деңгейі сол ғұрлым жақсырақ. Әрине көші-қонның арқасында сол елдің халқының саны да өседі. Бұрын көші –

қонның көбі жер үшін ауылдық жерге орналасқан немесе жұмыс іздеп жүрген халық болса, соңғы кездерде жоғары біліктіліктілігі бар адамдар болып отыр.

Қазақстандағы ішкі көші-қон экономикалық тұрғыдан белсенді халықты ауылдардан және қолайсыз аймақтардан қолайлы экономикалық жағдайға ие аймақтарға қарқынды қоныс аударумен сипатталады. Қазақстандағы ішкі көші-қон елдегі ірі қалалар мен аймақтардың дамуына айтарлықтай әсер ететін жаппай құбылыс болып табылады. Ел ішінде қоныс аударатын халықты әлеуметтік қорғаудың тиімді тетіктерін жасау үшін ішкі көші-қонның реттелуі қажет. Мемлекеттің нормативтік-құқықтық базасының бірі «Қазақстан Республикасының көші-қоны туралы» Заңы ішкі көші-қонға қарағанда сыртқы көші-қон мәселелеріне көбірек бағытталған. Ішкі көші-қонның негізгі себептері – тұрғылықты жерлердегі қолайсыз әлеуметтік-экономикалық жағдай, жұмыссыздық, қалалардан қашық, инфрақұрылымның жетіспеушілігі.

Қорытындылай келе, бүгінгі күні Қазақстан халқы мен посткеңестік кеңістіктің көші-қоны әртүрлі әлеуметтік топтар мен ұлт өкілдерінің бір достық отбасына бірігуіне ықпал етуі – қазіргі Қазақстанның ұлттық және әлеуметтік үрдісі үшін маңызды болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. - Алматы: Жазушы, 1999. – 224 б.
2. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 3 – Алматы: «Атамұра», 2000. 768 с.
3. Құдайбергенова А.И. т.ғ.д., доцент Қазақстандағы көші – қонның тарихи кезеңдері. Дерек көзі: <http://e-history.kz/kz/contents/view/1226>
4. Базанова Ф.Н. Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР: Нац. аспект / Ф.Н. Базанова. - Алма-Ата : Казахстан, 1987. – 152 с.
5. По данным Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)).
6. Baldoni E. The free movement of persons in the European union: A legal-historical overview. State of the art report. *PIONEUR Working Paper* №2. 2003.